Павлодар қаласының Әділет басқармасы
2015 ж. «16» 07
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ
ҚАЙТА ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 130740024177
Алғашқы тіркелген күні 13 ж. «30» 07

Павлодар қалалық Әділет басқармасы
201 7 ж. «19» 01
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 130740024177
Алғашқы тіркелген күні 2013 ж. «30» 07

Павлодар қалалық Әділет басқармасы
ЖАРҒЫ ҚОСЫМШАСЫЗ
ЖАРАМСЫЗ
201 7 ж. «19» 01

Павлодар облысы
Қаржы басқармасының
2015 жылғы «6» ақпан
№ 42 бұйрығымен
бекітілген

Павлодар облысы әкімдігі
Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының
шаруашылық жүргізу құқығындағы
«Павлодар қаласының №3 емханасы»
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының
Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының «Павлодар қаласының №3 емханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (одан әрі - Кәсіпорын) мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы заңды тұлғасы болып табылады.

2. Кәсіпорын Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 09 желтоқсандағы «Жекелеген мемлекеттік медициналық ұйымдарды қайта ұйымдастыру туралы» № 364/12 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган - Павлодар облысының әкімдігі.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын, мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысы әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы (одан әрі – Басқарма орган).

6. Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі атауы: Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар қаласының №3 емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Кәсіпорынның орыс тіліндегі атауы: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Поликлиника №3 города Павлодара» управления здравоохранения Павлодарской области, акимата Павлодарской области.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140013, Павлодар қаласы, Украинская көшесі, 38/2-үй.

1. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген күннен бастап құрылып, заңды тұлғаның құқықтарын иеленген болып саналады.

9. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банк шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі мен атауы басылған бланктері бар.

10. Кәсіпорын жергілікті атқарушы органның келісімімен өзге заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушы) болуға, сондай-ақ оны құруға құқығы бар.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құруға құқығы бар.

11.Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, өзге де тіркелулерге немесе міндетті мемлекеттік тіркелуге қатысты Кәсіпорынмен жасалатын азаматтық-құқықтық келісімдер тіркелген күннен бастап жасалған болып саналады, егер өзге де жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылмаған болса.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорынның мәні:

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша берілген лицензияға және бекітілген медициналық қызмет түрлеріне сәйкес, Павлодар қаласындағы тұрғындарға жоғары білікті медициналық көмек көрсету;

13.Кәсіпорынның мақсаты:

1) Тұрғындарға алғашқы медициналық-санитарлық және консультативті – диагностикалық көмек көрсету, тұрғындардың денсаулығын қорғау бағдарламасын орындау;

14. Мақсаттарды жүзеге асыру үшін қызметтің мына түрлері жүзеге асырылады:

1) медициналық қызмет:

- ауруды ерте анықтау мақсатында тексеру;
- амбулаторлық деңгейде емдеу;
-станционарды алмастыратын көмек (күндізгі станционер, үйдегі станционар);
- профилактикалық тексерулер;
- иммунизациялау;
- уақытша еңбекке жарамсыздығын сараптау (уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы анықтамаларды, парақтарды беру);
- жүкті әйелдерді, балаларды, оның ішінде жаңа туған нәрестелерді үйде бақылау;
- диспансеризациялау және динамикалық бақылау.

2) денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаурашылық қызметті жүзеге асыру:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы «Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызмет көрсету ережелері мен шарттарын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, кепілдеме көлемінде тегін медициналық көмек көрсетуге енгізілмеген медициналық қызмет түрлерін ақылы негізінде көрсету».
- келісім-шарт негізінде медициналық көмек көрсету;

-мемлекеттік тапсырыстарды, ақылы қызметтерді және шаруашылық келісім-шарттарды орындау арқылы кәсіпорынның қызметін дамыту және қолдау үшін қажетті табыс табу;

- Мемлекеттік сатып алулар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтердің сатып алуын ұйымдастыру;

- науқастарға тегін қызмет көрсетуге арналған мемлекеттік тапсырыс бойынша алынған қаражатты мақсатты және ұтымды жұмсау.

3) кәсіби курстар, дәрістер, семинарлар, тренингтер, конференцияларды ұйымдастыру және оларды өткізу, нысандағы ақпараттық-консультациялық қызметтер, емдеу-диагностикалық және профилактикалық жұмыстары бойынша орындарда дәрігерлерге кеңес беру, тәжірибелік көмек көрсету үшін дәрігерлердің жоспарлы шығуларын ұйымдастыру:

- жалпы емдеу желілерінің мамандарына кеңес беру көмектерін көрсету;

- салауатты өмір салтын насихаттау бойынша санитарлық-ағартушылық жұмыстарын жүргізу;

4) Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексімен тыйым салынбаған медициналық қызметтің өзге түрлерін жүзеге асыру;

15. Қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Қазақстан Республикасының заңнамалық бекітілген шеңберге немесе құрылтай құжаттарға сәйкес келмейтін, кәсіпорынның жарғысында айқындалған, қызмет мақсатына қайшы жасалған мәмілесі заңдарда белгіленген тәртіппен оның құрылтайшысының талабы бойынша күші жоқ деп танылуы мүмкін.

17. Басшысының қызметінде жарғыдан тыс іс-әрекет жасауы еңбек міндеттерін бұзған болып табылады және белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тарту шараларын қолдануға апарып соғады.

4.Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Жарғыны бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) коммуналдық мүлікті кәсіпорынға бекітеді;

4) Филиалдарды және өкілдіктерді құруға құқық береді;

5) Мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) Осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен берілген міндеттерді атқарады;

19. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте басқару органы келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі бекітеді.

3) даму жоспарының орындалуын талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

4) кәсіпорын мүлкінің сақталуын және қолдануын бақылауды қамтамасыз етеді;

5) кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) Осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен берілген міндеттерді атқарады;

20. Кәсіпорынның органы оның басшысы, сондай-ақ осы жарғының 5 бөлімінде қарастырылған бақылау кеңесі.

21. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметінін тәртібімен айқындалады және жүзеге асырылады.

22. Басқару органы Басшының еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

Еңбек шартында, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігін уақытылы аударылмағаны үшін Басшының жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорынның басшысы кәсіпорындағы мүліктің сақтығы үшін және қаржы-шаруашылық қызметі үшін дербес жауапкер.

24. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапкершілік жүктеледі

25. Кәсіпорынның басшысы барлық сұрақтарды Қазақстан Республикасы заңнамаларымен және осы Жарғымен белгіленетін оның құзіретіне сәйкес дара басшылық және өз бетімен шешуге әрекет етеді.

26. Басшы:

1) кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдде- лерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шеңберде кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттары ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулық береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасымен Басшының ұсынымы бойынша қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын қызметкерлерінің номенклатурасы оның Жарғысында белгіленеді;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлық ақылардың мөлшерлерін, кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасына кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) филиал директорларын және өкілдерін лауазымға тағайындау және босату басқарма органының келісімі бойынша жүзеге асады;

12) филиалдар мен өкілеттіктер туралы ережені бекітеді.

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

27. Жергілікті бюджеттен қаржыланатын атқарушы орган мен кәсіпорын арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

28. Атқарушы орган мен кәсіпорын арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

5. Бақылау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқару ерекшелігі

29. Білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорында – бақылау кеңесі құрылуы мүмкін.

30. Бақылау кеңесі құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындарға қойылатын талап мемлекеттік уәкілеттік жоспарлау органымен бекітіледі.

31. Бақылау кеңесін құру реті, талаптар, бақылау кеңесінің құрамына кіретін қызметкерлерге қойылатын талаптар, сондай-ақ бақылау кеңесінің мүшелерін таңдау конкурсының реті және олардың уәкілдігін тоқтату мемлекеттік уәкілеттік жоспарлау органымен бекітіледі.

32. Бақылау кенесі мүшелері қызметінің бағалау реті мен бақылау кеңесі мүшелеріне тағайындалатын сыйақы мөлшері мемлекеттік уәкілеттік жоспарлау органымен анықталады.

6. Кәсіпорынның мүлкі

33. Кәсіпорынның мүлкіне активтер жасалады, оның құны теңгерімінде көрсетіледі.

34. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

35. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

36. Кәсіпорында тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

37. Шаруашылық жүргізу құқығын беру және тоқтату құқығының алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

38. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, кәсіпорынның мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

39. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

40. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 41 тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

41. Осы Жарғының 40-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығындағы мекеменің қызметін тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығындағы мекеменің қызметі мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

42. Заңды түрде алып қойған жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;

- артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

43. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын атқарушы орган, облыстық коммуналдық мүлікке бұйрық етуге өкілетті) оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

44. Басқарушы органның ұсыныс бойынша жергілікті атқарушы органның жазбаша келісіміне сәйкес құқылы:

1) бөлімдермен, өкілдіктер ашуға

2) дебиторлық қарызды билік етуге.

45. Кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығына берілген негізгі қаражатқа қатысы жоқ жылжымалы мүлікті өз бетімен иелік етуге құқылы.

46. Мүлікпен жасалған келісімнен түскен қаражатты, осы жарғының 44, 45 тармақшаларына сәйкес өз еркімен қолданады, егер өзге де шарттар Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінде қарастырылмаса.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

47. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті орган айқындайды.

48. Таза табыс бөлігін есепке алу нормативі есептеу жергілікті атқарушы органымен реттеледі.

Таза табыстың бөлігі Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексімен тағайындалған ретпен бюджетке сәйкес реттелген норматив бойынша есептелуге жатады.

Корпоративтік кіріс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін он күнтізбелік күн ішінде таза табыстың сәйкес бөлігін аударады.

49. Өзі өндіретін өндірісті кәсіпорын өзі жүзеге асырады.

50. Кәсіпорын өндіретін тауардың құнын (жұмыстар,қызметтер), жұмсалған шығынның орнын толық толтыру керек.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстың (қызметтердің) көлемі, тауардың (жұмыстың, қызметтің) құны атқарушы органмен келісім бойынша реттеледі.

51. Жарғыда көрсетілмеген, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін қызметтен түскен табыс, сондай-ақ тауарға (жұмысқа, қызметтерге) қойылған бағаны көтермелеуден түскен табыс Қазақстан Республикасының заңнамасымен құдаланады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

52. Кәсіпорынның жарғылық капиталы 1 722 276 019 (бір миллиард жеті жүз жиырма екі миллион екі жүз жетпіс алты мың он тоғыз) теңге, 25 тиын құрайды.

Жарғылық капитал мемлекеттік тіркелгенге дейін меншік иесімен толық ресімделген болуы керек.

9. Кәсіпорынның есебі мен есептері

53. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржы есептерін құру Қазақстан Республикасының қаржы есебінің ұлттық стандарттарына сәйкес жергілікті атқарушы органның келісімімен, Кәсіпорынын басшысы бекіткен есептік саясат пен қаржы есебі мен бухгалтерлік есебіне туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

54. Жылдық қаржы есебі; бухгалтерлік теңгерімді, табыс пен шығын туралы, қаржының қозғалысы туралы, капиталдағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме хатты құрайды.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

55. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлікпен жауап береді.

11. Еңбек ұжымының қарым-қатынастары

56. Кәсіпорын әкімшілігі және ұжым арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес және ұжымдық келісім-шартқа сәйкес реттеледі.

57. Кәсіпорынның жұмыс уақыты ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен реттеледі және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

58. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын басқарма органы белгілейді.

59. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбек- ке ақы төлеу қорының шегінде кәсіпорынмен айқындайды.

60. кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін басқарушы орган белгілейді.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

61. кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша жүргізіледі.
кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

62. кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

63. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған кәсіпорынның ақшасы, кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

64. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы органдар енгізеді немесе оған жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, облыстық коммуналдық мүлкіне билік етуге өкілетті атқарушы органға өкілеттік беріледі.

Басшы _____ **(бас дәрігер) Н.М. Уразалин**